

**"Сарысу ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Сарысу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 25-11 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Сарысу ауданы мәслихатының 2014 жылғы 6 мамырдағы № 29-2 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 мамырда № 2232 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 42-10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 31.03.2015 № 42-10 шешімімен (жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. "Сарысу ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Сарысу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 25-11 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2102 болып тіркелген, 2014 жылғы 1 ақпандағы № 8-9 аудандық "Сарысу" газетіне жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Аталған шешіммен бекітілген Сарысу ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасының:

7 тармағындағы "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 50 000 (елу мың) теңге көлемінде" деген сөздер "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 100 000 (жүз мың) теңге көлемінде" деген сөздерімен ауыстырылсын .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық аумағының дамуы, қаржы және бюджет, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық бөліністі айқындау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Т. Оразбаев*

*Аудандық мәслихат  
хатшысы  
Б. Дондаулы*